

Құрметті Басты Қонақ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Жоғары мәртебелі Владимир Школьник мырза,

Мәртебелілер, аса құрметті қонақтар, ханымдар мен мырзалар,

Үндістанның 66-шы Республика күнін атап өтуге келгендеріңізді қарсы алғанымға қуаныштымын. Бұл күн – Үндістанның Ата Заңы 1950 жылы күшіне еніп, өзінің барлық азаматтарына әділдік, бостандық және теңдіктікпен қамтамасыз ету, оларға әлеуметтік-экономикалық және саяси әділеттілік, ой мен сөз, дін тұту және сенім бостандық құқықтары, мүмкіндік пен мәртебе теңдік құқықтары берілген тарихи күн болып саналады. Осы құндылықтар біздің Ата Заңымызда бекітіліп, соңғы 65 жыл бойы халықтың игілігіне қолданылып келе жатқанын және келешекке жетелейтінін мақтан етеміз.

Ұлттық күндер – бұл жыл сайынғы Ұлттық жолдың елеулі кезеңдері. Үндістан сан жылдар бойы халқының экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етіп, сонымен қатар ғаламдық әлемде қауіпсіздік пен өркендеуіне қол жеткізді. 2014 жылдың басты атап-айтар уақиғаларының бірі – Үндістан Парламентінің төменгі палатасына жалпы сайлаудың өткізуі. Демократия тарихында жаңа рекорд жасап барлығы 533 миллион халық дауыс берді. «Бхаратия Джатаната Партиясы» басқаруымен Ұлттық Демократиялық Альянс жеңіске жетіп, Премьер-министр Нарендра Моди мырза басқарған жаңа үкімет құрылды. Басқа партиялардың қолдауынсыз мемлекетті басқару үшін, жалғыз партияның қажетті орын санын жинаған жағдай - 30 жылда алғаш рет көрініс тауып тұр.

Үндістан тағы бір тарих енгізді: ол бірінші сәттен-ақ ғарыш кемесін, «Мангальян», Марс орбитасына ұшырған - тұңғыш ел болды. Үндістанның тағы бір технологиялық жетістігі – Раджастан Атом Электрстанциясының 5-ші Блогы соңғы 20 жыл бойы дүние жүзіндегі ұзақ және үздіксіз ядролық реактор болуы. Реактор ауыр су қысымының артуына байланысты отандық технологиясына негізделген.

2014 жылғы Үндістандығы атаулы жалпы ішкі өнім 2 триллион АҚШ доллары белгісінен асады. Дүниежүзілік Банктің осы айда шыққан жаһандық экономикалық дамуы жайындағы көрсеткіштеріне сүйенсек, Үндістан 2014 жылы 5,6% өсімін көрсетсе, 2015 жылы 6,4%-ға жоғарылайды деп болжамдалады, ал 2016 және 2017 жылдары әрқайсысы 7%-дан жоғары көрсеткішті бейнелейді. Бұл позитивтік экономикалық болжам, жаңа

үкіметтің 2014 жылдың қыркүйек айында шыққан «Үндістанда жаса» атты ұлттық бағдарламасымен бірге басшылық жасаған экономикалық реформалардың топтамасына негізделген. «Үндістанда жаса» бағдарламасы - Үндістанда әлемдегі мемлекеттердің бизнесіне қызығушылық тудыруға, инвестициялауға және өндіруге аса ерекше екпінмен инновациялық қызметіне, инфрақұрылымына, өндірістің және туризмнің дамуына негізділген.

Биыл Үндістан Үнді техникалық және экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына (қысқаша - ІТЕС) 50 жыл толуын тойлайды. Аталған бағдарлама Үндістанның сыртқы саясатының берік негізі болып саналады. Осы бағдарламада 140-тан аса мемлекет және 10 көп жақты ұйымдар Үндістанның серіктестері болып табылады. 1992 жылдан бастап Қазақстан біздің ІТЕС бағдарламасының серіктесі болып келеді. Соңғы 23 жылда Қазақстанның 900 азаматтары мен қорғаныс азаматтары - аталған бағдарламаға қатысып, өздеріне үлкен пайда келтірді.

Нарендра Моди мырзаның басшылығымен жүргізілген жаңа үкімет сыртқы саясатқа және дипломатиялық дәстүрлі байланыстарға, стратегиялық байланыстардың қайта құрылуына және шетелдегі Үнді диаспорасымен байланыстың болуына ерекше көңіл бөлді. «Алдымен көршілестік» Үкіметтің дипломатиялық басымдыққа сәйкес, Премьер-министр 2014 жылы мамыр айында өткен ант қабылдау салтанатына барлық СААРК мемлекеттерінің және Маврикий басшыларын шақырып, теңдесі жоқ қадам жасады. Соңғы бірнеше ай ішінде Премьер-министр Моди қатынасты қалпына келтіру үшін Бутан, Непал, Жапония, Австралия, АҚШ, Бразилия, Мьянма және Фиджи елдеріне іс-сапар жасады. Үндістан өзінде Бангладеш, Қытай, Ресей Федерациясының Президенттерін, сонымен қатар, Австралия және Вьетнам Премьер-министрлерін қабылдады. Үндістан Президенті Вьетнамға, Норвегияға және Финляндияға барды. Тағы бір теңдесі жоқ қадам – Америка Құрамы Штаттарының Президенті - Барак Обаманың Үндістанға Республика күнін атап өтуге Басты Қонақ ретінде шақырылғандығы, бұл – Үндістан мен АҚШ қарым-қатынасының жаңа кезеңінің көрінісі. Бүгін Президент Обаманың Делиде болуы – біз үшін үлкен құрмет.

Премьер-министр Модидың бастамасымен, Біріккен Ұлттар Ұйымы 2014 жылы желтоқсаның 11-нде бір ауыздан шешім қабылдап, 21 маусым күнін «Халықаралық Йога күні» деп жариялады. Бұл ежелгі Үнді тәжіребесін -

әлем мойындағанының құрметі. Біз Халықаралық Йога Күнінің алғашқы тойлауын жоғары деңгейде өткізуге тырысамыз. Күнтізбелеріңізде осы күнді белгілеп қоюларыңызды сұраймын.

Үндістан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас сонау бірнеше ғасырлар бойы жалғасып келеді. 1465 жылы Қазақ Хандығының қалануын сипаттаған «Тарих-и-Рашиди» атты тарихи еңбектің авторы Мырза Мухаммед Хайдар Дулати бек Үндістанның өмір сүріп, сол жерде жерленді. Соңғы жылдары Қазақстан әсерлі әлеуметтік – экономикалық ілгерілікке, жаһандық бейбітшілікке және тұрақтылыққа үлес қосқанына қуаныштымыз.

Үндістан мен Қазақстан тығыз әрі достық қарым қатынаста, бұл қатынас әрдайым жылдам қарқынмен дамып келеді және 2009 жылы қаңтарда Үндістанның 60-шы Республика күнін атауға Басты Қонақ ретінде Президент Назарбаевтың Үндістанға келуі - стратегиялық серіктестік деңгейге шыңдалғанын көрсетеді.

Қазақстан - Орталық Азиядағы біздің ең үлкен сауда және экономикалық серіктесіміз. 2014 жылы екі-жақты сауда жүргізуде 1 миллиард АҚШ долларынан асатын айтарлықтай табысқа жол жеткіздік. Өткен айда ашылу салтанаты болған Қазақстан – Түрікменстан – Иран темір жол маңызды аталмыш байланыс болып саналады және бұл Үндістан мен Қазақстан арасындағы сауда және экономикалық байланыстың одан сайын нығаюына жаңа мүмкіндік береді.

2014 жылы өткен басқа да айтарлықтай сәттері бар: 2014 жылы сәуірде Астана қаласында 13-ші Үкіметаралық комиссия отырысы сәтті өтті, 2014 жылы наурыз айында Қазақстанға Үндістанның Бірінші Сауда Вице-Министрі Жоғары мәртебелі Раджив Кхер мырза бастаған бизнес делегациясы келді, 2014 жылы желтоқсан айында Үндістанға Қазақстанның Бас Штаб басшысы Генерал-полковник Сәкен Жасұзақов мырза сапармен келді және Астана қаласында өткен 13-ші ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Үкімет басшыларының кездесуіне Үндістанның Сыртқы Істер жөніндегі Мемлекеттік Министрі Жоғары мәртебелі В.К. Сингх мырза келді. Аталмыш қарым-қатынастың 2015 жылы одан әрі өрістеуі мен тереңдеуіне кәміл сенеміз.

Сөзімнің соңында, барлықтарыңызға, әсіресе Жоғары мәртебелі Школьник мырзаға, мейрамға келгендеріңізге ризашылығымды білдіремін. 2015 жыл жаңа ғана келген соң, барлықтарыңызға және Қазақстан халқына

бақытты әрі сәтті жыл болуын тілеймін. Үндістанның Ұлттық мейрамдар күндерінде ішімдік ішуге тыйым салынғанына байланысты, ішімдік ұсынылмайтынына өкініш білдіремін, алайда Үнді тағамының дәмі ішімдіктің орнын толықтырады.

Рахмет.